

**«Кәсіптік бағдар беру» іс-шарасы бір тақырыппен біріктірілген
мәтіндік жұмыс.**

Мақсаты: балалардың денсаулық және әлеуметтік психологиялық жағдайын талдау негізінде жоғары сыйнып оқушыларының назарына кәсіптік топтар мен мамандықтарды ұсыну.


Міндеті: Оқушылардың саналы кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін жағдай жасау, қоғамда әлеуметтік-кәсіби бейімделуді қалыптастыру.

Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының ішінде кәсіптік кеңес ерекше орын алады. Кәсіптік ақпараттың көп тараған түрлерінің бірі өндіріске саяхат жасау, әр түрлі мамандық иелерімен кездесу және әр түрлі кештер өткізу болып табылады.

Кәсіби бағдар беру багыты бойынша 9-11 сыйнып білім алушыларымен барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып «Красно-поляна дәрігерлік амбулатория» сына саяхатқа барып, ондағы мамандармен кездесіп сұхбаттасып кеңес

алды. Дәрігерлік мамандық-бұл ерлік. Ол өзіне құрбан болуды ниеттің адап болуы, сондай-ақ, науқас адамның сенімін ала білу маңызды. Сырқат жандарға күшін ғана емес, жүргегін де жұмсай білуі қажет. Бүгін біз «Красно-поляна дәрігерлік амбулаториясы» туралы сыр шертетін боламыз. «Красно-поляна» ауылында орналасқан бұл ғимарат 2016 жылы салынды. Бүгінгі таңда мұндағы медикелер күн-түн демей ауыл жұртының ленінің сау болуы үшін аяnbай еңбек етуде.

Сонымен бірге бұл жерде ауырып ем іздеген науқастар үшін де барлық жағдай жасалған. Бұлай дейтініміз, ғимарат заманауы медициналық құрылғылармен, қажетті төсекорындармен және құрал жабдықтармен жабдықталған. Саяхат барысында біздің аңғарғанымыз ғимаратқа кіре берістен бастап барлық бөлмелері мұнтаздай тап-таза болса медикелерде ақ халаттарын ұқыпты киіп, өз істеріне аса жауапкершілік танытып, жұмыстарына әлдеқашан кірісп кеткен. Мұның барлығы сырт көзге ерекше әдемі әрі үйлесімді көрінеді. Бұдан біз «Тазалық-саулық негізі »қағидасын берік ұстанатын ұйымшыл ұжым екенін анық аңғарғандай болдық. Қазіргі таңда, дәрігерлік амбулаторияда жоғары санатты, білікті мамандар жұмыс істейді. Амбулаторияға аға дәрігер Уланова Елена Сергеевна басшылық етсе, одан



бөлек участекелік медбикелер, зертханашы, акушер, жедел жәрдем жүргізушісі, тазалықшы, күзетші жүйелі жұмыс

атқарады. Амбулаторияда тіркеу бөлмесі, балалар бөлмесі, және терапиялық т.б кабинеттер де бар. Аға медбикенің сұхбаттаса келе ауыл тұрғындары көбінде қан қысымы, жүрек қан тамырлары, қант диабеті және бронхитауруыменжі шағымданып келетіндігін айтады. Аға дәрігер әңгімесінінде егер сіздің іс-әрекетіңізде жазылуға деген құлшыныс болмаса, жалғыз дәрігердің күш – жігері нәтиже беруі екіталаң деді сөзінің арасында. Шығыс ғұламағалымы Әл-Фараби айтқандай «Адамның тәндік жаратылысының негізгі көрсеткіші – денінің саулығы» деген екен.



Сондықтан да, ауыл тұрғындарының денінің сау болуы үшін, дәрігерлер аянбай еңбек етуде екендеріне оқушылар саяхат барысында көз жеткізді.. Амбулаторияның дәрігерлері мен медбикелеріне оқушылар, өздерінің ризашылықтарын білдіріп, еңбектеріне шығармашылық табыс тіледі.

Орындаған: Кәсіби бағдар жетекшісі Мусина Н.А.